**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы**
**АТА-АНАЛАРҒА АРАНАЛҒАН «АШЫҚ ЕСІК КҮН»**

**Күні :** **30.09.2023ж.**
**Уақыты:** **10.00-14.00**
**Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Ата-аналарға арналған тренингттер *(танысу, ынтымаққа жұмылдыру, отбасы тәрбиесі, құндылық т.б.)* - Б. Турсунова психолог
2. Ата-аналармен мектеп әкімшілігінің сұхбаты - жауапты әкімшілік
3. Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы - 1-11 сынып жетекшілері

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Б. Турсунова психолог: Ата-аналарға арналған тренинг өткізді. Ата – аналар өздерін ерекше етіп таныстыру үшін, ұсақ қол маторикасын жақсартатын жаттығуды қолдана отырып, түрлі – түсті парақтан қайшысыз қолмен адам бинесін қию арқылы өздерін таныстырды. Ата – аналарды ынтымаққа жұмылдыру мақсатында «Өзгеге құрмет, өзіме құрмет» жаттығуын, «Біз біргеміз», «Салют» ойындарын ойнатты. Сонымен бірге ата – аналардың ішкі эмоцияларын сыртқа шығару мақсатында «Тұз терапиясын» қолданды. Отбасы тәрбиесі, мен отбасындағы құндылықты байқау мақатында ата – аналардан «Отбасы проективті» әдісін алып, оның интерпритациясын әр ата – анаға сол жерде жеке- жеке айтып берді. Ата – аналар өздерінің бей саналы түрде салған суреттері отбасының қаншалықты деңгейде екенін, отбасылық ақуалдарының қандай екенін біліп таң қалып, одан әрі психологтан жеке кеңес алып, әрі қарай өздерінің балаларымен жұмыс жасауына сұраныс білдіріп кетті.
2. Гимназия директорынықы орынбасарлары Г. Оналбаева, А. Рахметуллин, Г. Ережепова, А. Сармантаева, Т. Бораньаева, Г. Бектемирова, К. Сулекеев, әлеуметтік педагогтер А. Алжаппарова, Г. Нұртай, психолог Б.Турсунова.

Ата-аналардың мектеп әкімшілігіне қйылған сұрақтары мен сауалдарына жауаптарын жеткізіді.

Сұрақтар: Мектепте қандай үйірмелер бар? Ақылы үйірмелер қандай? Мектепте қандай тәрбие іс – шаралары өткізіледі? Қосымша сабақтар ақысыз түрде өткізіледі ме? Қыздар ұйымымен жұмыс қалай жүргізіледі

3. Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы 1-11 сынып жетекшілері өз сыныбында өткізді. Әр сынып жетекші өз дәрежесінде, жаңа форматта ата – аналармен жиналыс өткізді. Жиналыс барысында 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие үдерісі соның ішінде мектептің ішкі тәртіп ережесі: оқушы

формасы мен сабақтан кешігу, себепсіз қалу жағдайлары туралы айтылды. «Білімдегі олқылықтар» - ата-анамен бірлесе талқылау және шешу жолдары» тақырыбында ата – аналар постер қорғады. «Құндылыққа негізделген білім» отбасы және мектеп тәрбиесіндегі құндылықтарға бағытталған сынып сағаты, іс-шараларды ата-аналармен бірге ұйымдастыруды жоспарлау керектігі айтылды.








**Қаулы:**

1. Ата-аналарға арналған «Ашық есік күн» әр айдың соңғы жұма күніне өткізу- жауапты мектеп әкімшілігі

**Хатшы:** **Г. Амирова**